

## Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 наурызда № 10417 тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 69 бұйрығымен  
бекітілді

## **Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары**

1. Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-10) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар ішкі су жолдары бойынша кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелер ұшырайтын көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін регламенттейді.

3. Лоцмандар арасында орындалатын жұмыстың аражігін ажыратуды лоцмандардың даярлық дәрежесіне, алып өтетін кемелердің түрі мен мөлшеріне және лоцмандық алып өту ауданының жағдайын көрсететін басқа да факторларға байланысты лоцмандық қызмет белгілейді.

4. Лоцмандар лоцмандық алып өтуді көздейтін кеме қатынасы су жолдары учаскелерінің жай-күйін бақылайды және осы учаскелердің тереңдігін өлшеуді жүргізеді.

5. Лоцмандар апатты жағдайлар бойынша оларды қауіпсіз алып өту қамтамасыз етілмейтін жағдайлардан басқа, тәуліктің кез келген уақытында кемені алып өтеді.

6. Кемелерді алып өту кезінде лоцмандар навигациялық қоршаулардың жай-күйі мен дұрыстығын бақылайды және барлық ақаулар мен кемшіліктер туралы Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органына дереу хабарлайды. Олар алып өтетін кемелердегі немесе жолда кездесетін басқа кемелердегі барлық авариялық жағдайлар туралы да хабарлайды.

7. Лоцмандар алып өтетін кемелердің кеменің жүзу мен ішкі су жолдарының кемелерден аққан сарқынды және құрамында мұнайы бар сулармен ластануын алдын алу қағидаларын сақтауын бақылайды.

8. Лоцмандар алып өтетін кемелердің капитандарына кемелердің жүзу қағидаларын және ішкі су көлігі саласында қолданылып жүрген өзге де қағидаларды сақтаудың анықталған бұзушылықтары туралы хабардар етеді және анықталған бұзушылықтарды

жоюды ұсынады, ал капитан көрсетілген бұзушылықтарды жоймаған жағдайда, бұл туралы дереу Комитетке хабарлайды.

9. Лоцмандық алып өту ауданында кемеде авария немесе адамдармен жазатайым оқиға болған жағдайда, лоцмандар көмек көрсету жөніндегі барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды.

10. Лоцмандық алып өтуді жүргізу болған жағдайда, кеме капитаны лоцмандық қызметке лоцманға арналған өтінімді еркін түрде береді, лоцман кемеге өтінімде көрсетілген уақытта келеді. Лоцманның көрсетілген мерзімде келуі мүмкін болмаған жағдайда, лоцмандық қызмет кеме капитанына лоцманның келу уақыты мен орны туралы хабарлайды.

11. Егер кеме лоцманды қабылдайтын жерге капитан өтінімде көрсеткен уақытта келмесе, мұндай жағдайларда кешіккен кеме лоцмандық алып өтумен кезек тәртібінде қамтамасыз етіледі.

12. Капитан лоцманды кеме бортына тез және қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз етеді және бұл ретте лоцмандық боттың (кеменің) зақымдалуына жол бермейді. Лоцманды қабылдау және түсіру кезінде кеме капитаны лоцман ботымен байланыс ұстауға және онымен өз әрекетін келісуге тиіс. Лоцманның келу сәтінен бастап және оның кетуіне дейін кемеде – "Менің бортымда лоцман бар" деген жалау белгісі көтеріледі.

13. Лоцманды лоцмандық боттан келе жатқан кемеге түсіру мүмкін болмайтын қолайсыз ауа райы жағдайында, осы кеменің капитанымен келісім бойынша лоцман алып өтуді лоцманды кеме бортына қабылдау мүмкін болатын жерге дейін бастап жүру әдісімен жүзеге асыруы мүмкін. Кеме мен лоцман боты арасында сенімді байланыс қамтамасыз етілуі тиіс.

14. Лоцман кемені лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру кезінде кеме капитаны лоцманға кеменің шөгуі туралы, ұзындығы, ені мен сыйымдылығы туралы нақты деректерді хабарлайды.

Сонымен қатар, лоцман кеме капитанынан кемені лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру үшін лоцманға қажетті кеме туралы өзге деректерді (маневрлік сипаттамалар және басқалар) талап етуі мүмкін.

15. Кеме капитаны лоцманның талабы бойынша оның қызметтік жұмысы мәселелері жөнінде байланысуы үшін оған кеме радиостанциясын пайдалануға береді.

16. Лоцмандық алып өту қауіпсіздігінде көрініс табатын жағдайлар (көрінудің нашарлауы, тұман, кеме жолы тереңдігінің азаюы) туындаған кезде кеме капитаны лоцманның талабы бойынша лоцман көрсеткен тәртіпте кеме электр радионавигациялық жабдығының құралдарын (эхолот, радиолокатор, радиопеленгатор) пайдаланады. Алып өту ауданында жағалаулық радиолокациялық станция болған кезде лоцман бұл жағдайларда аталған станцияның қызметін пайдалана алады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жүзу қауіпсіздігі мақсатында кеме капитаны лоцманның ұсынымдарын басшылыққа алады. Рутьді басқарушыға барлық бұйрықтарды капитанның өзі береді. Егер де маневрді орындауды жеделдету мақсатында капитан лоцманның өзіне бұйрық беруге рұқсат етсе, онда бұл жағдайда да олар капитан бұйрығы бойынша орындалған болып саналады, ол үшін капитан жауапты болады.

18. Егер капитан кемеге лоцманды қабылдап, оның ұсынымдарын ескермесе, соңғысы үшінші тұлғаның қатысуымен кемені алып өтуді жалғастырудан бас тартуы мүмкін, бұл туралы кеме журналында жазылуы тиіс. Бұдан басқа, лоцман болған оқиға туралы лоцмандық қызметке дереу хабарлайды. Алайда, алып өтуден бас тартқаннан кейін де лоцман мінбеде қалады және, егер капитанға қауіпсіз жүзу үшін мәліметтер қажет болса, ол олар туралы хабарлайды.

19. Лоцман ұсынымының дұрыстығына күмән болған жағдайда, кеме капитаны оның қызметінен бас тартуы мүмкін. Бұл ретте мүмкін болатын міндетті лоцмандық алып өту ауданында кеме басқа лоцманның келуін күтуге тоқтатылуы тиіс.

20. Лоцман капитанның келісімінсіз кеме қауіпсіз жерде зәкірге отырғызылғанға немесе лоцман басқа лоцманмен ауыстырылғанға дейін кемені тастай алмайды.

21. Кеме капитаны міндетті емес лоцмандық алып өту аудандарында, қажет жағдайда, шығыстарды кеме иесінің есебіне жатқыза отырып, лоцманды кемеге алуы мүмкін.

22. Тиісті лоцмандық алып өтпеуге кінәлі лоцман, ол қызметкері болып табылатын Комитеттің аумақтық органының, ұйымның және лоцмандық қызметтің басшыларынан құрылған біліктілік комиссиясы лоцманның лауазымдық міндеттерін орындауы кезіндегі әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде кемеге немесе су ортасына залал келтірген, адамдар өміріне тікелей қауіп төндірген жағдайда біліктілігінен айыруы мүмкін.

Лоцманды біліктілігінен айыру лоцманды лоцмандық алып өтуді іске асыру құқығынан айыру деп ұғынылады.

Лоцман Қазақстан Республикасының азаматтық процессуалды заңнамасымен белгіленген тәртіппен комиссияның мамандықтан айыру туралы шешіміне шағымдана алады.